

«Мүйіztұмсықтар үшін шайқас»

Автор - Брент Стиртон,

Canon амбассадоры

Суретте мүйіztұмсық анық көрінеді. Басының ірілігі бірден байқалады, ал мүйіз орнындағы өсінді төмен салбырап, солға жантайыпты. Алдын Кения саваннасының қураған шөбі көмкерген. Оң жағында – әскери киімдегі тізерлеген адам. Сол қолымен қару ұңғысын ұстап, оң қолымен мүйіztұмсықтың қарнын сипап тұр.

Маңайында тағы екі адам бар: бірі – сол жақта, мүйіztұмсықтың алдында, екіншісі – оң жақта. Мылтық асынған, алысқа көз тігеді. Көк аспанда – қалқыған бұлттар.

Алтын түстес саванна аспанмен астасып жатыр. Мүйіztұмсықтың алып сұлбасынан байырғы жаратылыстан қуат алған қайсарлық еседі. Бадырайған көздері түпсіз тұңғиық, зымыраған уақыт таңбасын салып кеткендей.

Аты – Судан. Мұндай алпауыт жануар тұтас бір елдің атымен аталады, соған барынша лайық. Себебі, соңғы еркеккіндікті солтүстік ақ мүйіztұмсық. Жанындағы саваннаның қарапайым батырлары жойылып бара жатқан жануарды көзінің қарашығындай қорғайды.

Мүйіztұмсықты арашалаған, браконьерлерге қарсы тірі қалқан дерсің. Киімдері саваннаның дәл өзіндей. Сырт көзге сабырлы. Бұл сурет – адамның табиғатқа килігуін жақсы көрсететін метафора.

Мұнда адам қожайындық танытпайды, керісінше ақ мүйіztұмсық жұтаған биоалуандылығының күйрек елесі екенін мойындайды. Мойынұсынуының астарынан жауапкершіліктің, мейірімділіктің лебі еседі. Алдында тұрған жануар – соңғы күндері қалған сирек популяция өкілі.

Африканың жабайы табиғатының өзегіндегі адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас, өзара байланыс туралы жиі айтылады. Мына сурет олардың қатар өмір сүруі мүмкін емес деген пікірді жоққа шығарады. Планетамыздың ұлы жаратылыстарының өзара адалдығынан, батылдығынан, нәзіктігінен сыр шертеді. Төзімділіктің, үміттің, қасіреттің ғажайып тарихы.

Суреттегі адамдардың ешбірінде университет дипломы немесе профессор дәрежесі жоқ. Ғалым да емес, бірақ Суданмен өткізген аз ғана уақыт оларды өз ісінің шеберлеріне айналдырды. Уақыт, қамқорлық, жағдайды түсіну жақындастырды. Мүйіztұмсықтың болашақта жойылатынын білетін қорғаушылардың жүгі ауыр. Олардың осындай ұлы тұқымның соңғысын қорғауға деген адалдығы тамсандырады.

Мүйіztұмсық – ежелгі жануар, оның эволюциялық тарихы ғасырларға бойлайды. Ал енді өткеннің генетикалық қазынасын өзімен бірге алып кеткелі тұр. Соңғы мүйіztұмсық – өткен дәуірлердің тірі куәгері, адамның табиғатқа жасаған жойқын әрекеттерінің нышаны.

Орманшының алып жануардың кеудесін емірене сипап тұрғанын көргенде адам мен табиғат арасындағы түсіністік пен сыйластық туралы еріксіз ойға шомасың.

Мүйіздерінің емдік қасиеттері туралы қате түсініктер де осы жануардың жойылып кетуіне септесіп отыр: осыған сеніп, қалғандарына мән бермесек, келер ұрпаққа не қалдырамыз?!

Фотосурет – мәңгілікке қатып қалған сәт. Ақ мүйізтұмсықтардың жер бетінде өмір сүргенін еске салып тұрған жалғыз бейне. Көзден ғайып болғанда осы сурет қана қалады.

Фотосуреттің құдіреті ойды ғана емес, сананы, қиялды қамшылайды. Табиғаттың нәзіктігін көрсетіп, оны қорғауға шақырады. Адам мен табиғат арасындағы байланысты, нәзік планетаның тұрғындары ретінде шешімдерімізді қайта пайымдауға шақырады.

Судан 2018 жылдың 19 наурызында мәңгілік ұйқыға кетті. Өйткені бұлшықеттері, сүйектері семіп, орнынан тұра алмай қалған. Азабын жеңілдету үшін оны Кениядағы «Ол Пехета» қорығының арнайы ветеринарлары «ұйықтатты».

Өмірінің басым бөлігі қамқор адамдардың ортасында өтті. Есесіне бойында жұмсақтық, мейірім қалыптасты. Планетада адам мен жануар арасында тепе-теңдік орнаса, өзін адамзат періштесі деп еске алғанын қалайтынына сенімдімін.

Ғылым шәует, жұмыртқа үлгілерін пайдаланып, жануарларды қалпына келтіруге тырысатын бағдарлама әзірледі. Қазір әлгі мүйізтұмсықтың 29 эмбрионы бар. Жоба сәтті шықса, адам пен табиғат арасындағы ойын ережесі мүлдем өзгеруі мүмкін. Ғылымның табиғатты түп-төркінінен алыстатып жіберуіне, өзін қорғау қабілетін нашарлатып жіберуіне жол бере алмаймыз. Жер-Ана, оны мекендейтін тіршілік иелері қолдауымызға, қорғауымызға лайық! Есесіне Жер бізге қамқор болады...